

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ №52
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ**

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН
САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ**

Оқу құралы

2-сынып

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Б.Майлин атындағы №52 мектеп –гимназиясының бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы 05.01 №3 хаттама)

Пікір берушілер:

Нүптекеева Г.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Оразахынова Н.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

Құрастырушы: Кожахметова З.А. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын сатылай кешенді талдау. Оқу құралы – Нұр-Сұлтан, 2022. – 57 б.

Бұл 2-ші сынып оқушыларына тандау курсына өтуге арналған оқу құралы. Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, жаңартылған білім беру мазмұнын негізге алып, құрастырылған. Оқу құралы оқушыларға әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнына үйлестіре отырып, прозалық шығарманы мазмұндап оқу, поэзиялық шығарманы жаттау, оларды сатылай кешенді талдап, көркем шығарманың табиғатын түсініп, жас ерекшеліктеріне сай әдеби теориялық ұғымдарды сауатты меңгеріп, көркем сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1-2 сабақ. «Ананың сүюі» өлеңін сатылай кешенді талдау(1 саты).....	4
3-4 сабақ. «Кел, балалар оқылық!» өлеңін сатылай кешенді талдау(2 саты).....	6
5 сабақ. Жат жазу (2 саты)	8
6 сабақ. Тест.....	9
7-8 сабақ. «Өнер білім бар жұрттар» өлеңін сатылай кешенді талдау(3 саты)	10
9-10 сабақ. «Өзен» өлеңін сатылай кешенді талдау(4 саты)	12
11-12 сабақ. «Әй, достарым!» өлеңін сатылай кешенді талдау(4 саты)	14
13-14 сабақ.Жат жазу (4 саты)	17
15 сабақ.Тест.....	18
16-17 сабақ. «Өсиет өлеңдер» өлеңді сатылай кешенді талдау(5 саты)	19
18-19 сабақ. «Балқожа бидің баласына жазған хаты» өлеңді сатылай кешенді талдау (6 саты)	22
20-21 сабақ. «Қарға мен түлкі» (мысал) мысалды сатылай кешенді талдау (7 саты)	24
22-23 сабақ. «Әй, жігіттер!» өлеңін сатылай кешенді талдау (7 саты)	26
24-25 сабақ. Жат жазу (7 саты)	30
26 сабақ. Тест.....	31
27-29 сабақ. «Әке мен бала» (әңгіме) әңгімені сатылай кешенді талдау(2 саты)	32
30-32 сабақ. «Таза бұлақ» әңгімені сатылай кешенді талдау(3 саты)	34
33-35 сабақ. «Жаман жолдас» әңгімені сатылай кешенді талдау(3 саты)	36
36-38 сабақ. «Баланың айласы» әңгімені сатылай кешенді талдау(4 саты)	38
39-41 сабақ. «Дүние қалай етсең табылады» шығарманы сатылай кешенді талдау(4 саты)	40
42-44 сабақ. «Білгеннің пайдасы» әңгімені сатылай кешенді талдау.....	43
45-47 сабақ. «Жамандыққа жақсылық» өлеңді сатылай кешенді талдау	45
48-50 сабақ. «Бақша ағаштары» әңгімені сатылай кешенді талдау	46
51-53 сабақ. «Асыл шөп» әңгімені сатылай кешенді талдау.....	48
54-56 сабақ. «Әдеп» әңгімесін сатылай кешенді талдау.....	49
57-59 сабақ. «Өрмекші,Құмырсқа, Карлығаш» әңгімесін сатылай кешенді талдау.....	51
60-61 сабақ. «Жомарт» әңгімесін сатылай кешенді талдау.....	53
62-63 сабақ. «Тәкаппаршылық» әңгімесін сатылай кешенді талдау.....	54
64-66 сабақ. Жат жазу.....	55
67-68 сабақ. Тест.....	56
Пайдаланылған әдебиеттер	57

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту – сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру», – деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын басшылыққа алып оқытылып келеді. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, өз тілінде дітін орындата алатын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту, – дейді, технология авторы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразахынова Нұрша Алжанбайқызы.

Оқу құралы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы зертханасының аясында жүргізілген тәжірибенің негізінде Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясында жинақталған жұмыстар нәтижесінде жазылған. Оқу құралының мазмұнында оқушылардың ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау жүйесін дамыту мақсатында көркем шығармаларды талдаумен қатар әр бір сабақта түрлі тапсырмалар беріліп отырды. Берілген тақырыптар саны қоңыраумен көрсетіліп отырды. Ал, ондағы тақырыптар жұмыстың мазмұнында нақты көрсетіліп жазылған. Сонымен қатар өтілетін әр сабақта тақырыпты ашу мақсатында қосымша мақал-мәтелдер, өлең шумақтары, сөзжұмбақтар т.б. берілген.

Бұл ұсынылып отырған оқу құралы арқылы оқушылар төл әдебиетінің қыр-сырларын жан-жақты меңгерумен қатар әдеби теориялық ұғымдарды көркем шығарманы оқи отырып, өз беттерінше оны тауып, сатылай кешенді талдауға машықтанады.



САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ



Анам маған:-Үлкенді сыйла,-деген

Анам маған: -Үлкенді сыйла, - деген,
Сол сөз маған ізгілік күйған ерен.
Үлкендерден ауысқан кішілікті,
Үлкендердің өзіне сыйға берем.
Атамнан қалған мұра – ізеттілік,
Арымды соған қойған күзеттіріп.
Адалдық – менің сәби Айбарым ғой,
Маңдайынан жүргені жүз өптіріп.
М.Мақатаев



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

АНАНЫҢ СҮЮІ


Кім сендерді балалар, сүйе-тұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйе-тұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүре-тұғын.

Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелеп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
Ұмытпа, ең кемінде дұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сендерді сағынар келгеніңше,
Құлындарын көзмен көргеніңше?
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас дер өле-өлгенше.

Б.Алтынсарин





- Ең асыл жан кім?
- Қызығыңды да бұзығыңды да көретін кім?
- Үнемі жаныңда періштедей қорғап жүретін кім?



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1 саты)

1.Авторы. Ыбырай Алтынсарин Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 26-шы қазанда қазіргі Қостанай облысы, Затабол ауданында дүниеге келген. Әкесінің есімі Алтынсары, анасы Айман. Алтынсары өз еңбегімен тіршілік еткен, қарапайым шаруа адамы болған. Ал анасы Айман арғын руының ішіндегі Шеген деген бидің қызы.

Әкесі Алтынсары Ыбырайдың үш-төрт жасында қайтыс болып кетеді. Сол себептен бала Ыбырай атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болады. Балғожа би өз өңіріне танылған беделді, білімді кісі.

Ыбырай Алтынсарин жасынан өте ынталы болған. Атасы Балғожа Ыбырайды тойларға, жиындарға өзімен ерте жүріп, немересін іскерлікке, білімділікке, сөз сөйлеу шеберлігіне үйретеді.

Мақал – мәтелдерді жатқа айтыңыз.

Ана ақылы ант, сөзі бал.

Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызмет.

Ағайын – алтау,
Ана – біреу.



САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ



Нақыл сөзді жаттап алыңыз.

Талап қыл артық білуге,
Артық ғылым кітапта.
Ерінбей оқып көруге.


Абай Құнанбаев



- Артық ғылым кітапта дегенді қалай түсінесіз?
- Кітап оқығанның қандай пайдасы бар? Өз ойыңызбен бөлісіңіз.



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!


Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.



- "Кел, балалар, оқылық!" өлеңі жастарды неге шақырады?
- Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап – деген өлең жолдарын қалай түсінесіз?



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (2 саты)

1.Авторы.

2.Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. *Әдеби шығарма дегеніміз* – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – балаларды білімге шақыру.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ЗЕРЕКТІК

Англия жұртында Броун деген білімді ұста судың үстіне бір қолайлы көпір салуға жүріп, қалайша салсам қолайлы, нық болар екен деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсті. Мұны көріп Броун тоқтай қалып ойланды: «Бұл өрмекші мынау жол арқылы көпір салыпты, астында тіреуі жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді» -деп. Сонымен, келді де, су үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі екен.

БІ.Алтынсарин



– Мәтіннен не түсіндіңіз?

– «Зеректік» сөзін қалай түсінесіз?

Мақал-мәтелдерді толықтырып айтыңыздар.

Оқу – білім бұлағы,

Білім –

Ілім – бұлақ

Білім – ...



САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

Жат жазу

БҰЛ КІМ?

Ыбырай Алтынсарин

"Бала, бала, бала" деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төртке бөліп,
Түнде бесік оянған .

Аялы қолда жылытқан ,
Қаймақты сүттей қалқытқап.
Суық болса жылытқан,
Қорғасын оқтай балықтай.

Айналасына ас қойып,
Изені көлдей шалқытқан
Кірлі көйлек кигізбей
Иісін жұпар аңқытқан.



- Өлең кім туралы айтылған?
- Түн ұйқысын төрт бөліп дегенді қалай түсінесіздер?



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (2 саты)

1.Авторы.

2. Тақырып дегеніміз – ...



САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

Тест

1. Ыбырай Алтынсарин- ...
2. Туған жері ...
3. Туған жылы ...
4. Ыбырайдың шын аты ...
5. Нағашы атасы ...
6. Тақырып дегеніміз ...



САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ



Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар.

Ата өнері – балаға мұра.

Білімді өлсе,

Қағазда аты қалар,

Ұста өлсе,

Істеген заты қалар.



– Қандай өнер түрлерін білесіздер?

– Ұста деп кімді айтамыз?



ӨНЕР-БІЛІМ БАР ЖҰРТТАР

Өнер – білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды;

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып-жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге,

Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай ұшырды;

Мал істейтін жұмысты

От пен суға түсірді;

Отынсыз тамақ пісірді,

Сусыздан сусын ішірді.

Теңізде жүзді балықтай,

Дүниені кезді жалықпай,

Білгендерге осылар

Бәрі-дағы анықтай,

Білмегенде танықтай;

Біз де бекер жатпалық,

Осыларға таныспай;

Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай;
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (3 саты)

1.Авторы.

2.Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – өз заманындағы өнерлі елдерді жастарға үлгі ету.

3. Жанр түрі – поэзия өлең. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.





Ребусты шешіңіздер.

””

””



“100



Н



- Өзеннің қандай түрлерін білесіздер?
- Өзеннің қандай пайдасы бар?



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ӨЗЕН

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлар да
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...
Он мың мал айдап өтсең лай қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шығып шөп бітпеген жай қалмайды.
Ел қыстап күн көреді жаныбында,
Дәм болар алуан - алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында.
Қүдіретін құдайымның көресін бе?
Не нәжіс тоқтар өзен денесінде...
Арыстан демалуға суға кірсе,
Балықтар шымшып ойнар терісіне...



- «Өзен» өлеңінің авторы туралы не білесіздер?

– Ақын өзенді қалай суреттеген?



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (4 саты)

1. Авторы.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – өзеннің тіршілік атауы үшін маңыздылығы.

3. Жанр түрі – поэзия өлең. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. **Өлеңнің идеясы** – тау өзенінің тазалығын, күшін, «өзеннен рақат тапқан» тіршілік иелерін бейнелеу.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

АДАМДАР МЕН ӨЗЕН *(Ертегі)*

Ертеде ауыл жанында өзен болды. Ауыл адамдарына ұзақ уақыт бойы қызмет етті. Өзен аса терең болған жоқ. Балалар суға жиі шомылатын. Бір күні өзен астынан көп қоқыс табылды. Сөйтіп, өзеннің асты ластанды. Адамдар өзенді қоқысқа толтырды. Күндердің күнінде өзен шалшық суға айналып, ғайып болды.





ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Ребусты шешіңіздер.

,

”””

““



– Ағаш тамырымен,
Адам досымен мықты – деген мақалды қалай түсінесіздер?



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ӘЙ, ДОСТАРЫМ

Әй, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болушы болма!
Қолыңнан келсе қыл қайыр,
Кісіден алушы болма.

Жақсының жүзі жәндетті,
Бір көруің қанібетті,
Жаманның ісі міндетті,
Зар берсе алушы болма!

Жоғары қарап оқ атпа,
Өзіңнің түсер қасыңа.
Ақылсыз жанды досым деп,
Басыңды қосып сыр айтпа.

Күндердің күні болғанда,
Ол жаман айғақ болар басыңа.
Бар күшіңді сынаспай,
Балуандармен күреспе.

Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың көлемге.
Ақылсыз дастан ақылды дұшпан артық.



Сырты майда, іші қан.
Ел ішінде жар-жора,
Достарыңнан бір сақтанғанда мың сақтан.



«Күлме досыңа, келер басыңа» дегенді қалай түсінесің?
Суретке қарап, қысқаша әңгіме құрастыр.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (4 саты)

1. Авторы.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – достық туралы.

3. Жанр түрі – поэзия өлең. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. **Өлеңнің идеясы** – досты дұрыс таңдау, адал болу.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар

ЕКІ ДОС

(Ертегі)

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді.

Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге етбетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді.

Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.



Кім жүйрік? Мақал-мәтелдерді жалғастырыңыздар.

Дос ... айтар,
Дұшпан ... айтар.

Досы көпті ... алмайды,
Ақылы көпті ... алмайды.

Жүз ... болғанша,
Жүз ... болсын.



ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.

Жат жазу

Досым мен екеуміз
Жан досым бар:
Бір туғандай татумыз,
Бір аулада өсіп келе жатырмыз.
Бір алманы қатар жейміз қақ бөліп,
Оңдырмаймыз, тисе біреу, тап беріп.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (2 саты)

1. **Авторы.**
2. **Тақырып.** *Тақырып дегеніміз –*
3. **Жанр түрі –**
4. **Идеясы.** *Идея дегеніміз –Өлеңнің идеясы –*



Тест

1. Әй, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болушы болма!
Қолыңнан келсе қыл қайыр,
Кісіден алушы болма.- өлеңнің авторы кім?
2. Тақырып дегеніміз не?
3. Жанр түрі?
4. Идея дегеніміз не?



ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

Атадан – өсиет,
Анадан – қасиет.
Өсиетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол.

Есей би Алдамұратұлы



– Өсиет дегенді қалай түсінесіздер?
– Өсиетті кім қалдырады?



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ӨСИЕТ ӨЛЕҢ

Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,
Тең етті бәрімізге күн мен айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын,
Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер бір-біріңе қарасыңыз.

Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз.
Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен.
Патша боп бұл дүниеге даңқы кеткен.

Отыз ұлым бар ғой деп көптік ойлап,
Құдайым отызын да әлек еткен...
Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің бенде екенін сонда біліп,
Мұнан соң тақ Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып.

Ескендір патша болып дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.
Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,
Ізденіп мәңгі суын соған барған



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (5 саты)

1. Авторы.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. *Әдеби шығарма дегеніміз* – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – өсиет туралы.

3. Жанр түрі – поэзия өлең. *Өлең дегеніміз* – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. *Идея дегеніміз* – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. *Өлеңнің идеясы* – адамгершілік мұраттар, ерлік-елдік.

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Өлең 4 шумақ.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ҚАРТТЫҢ ҰЛЫНА АЙТҚАН ӨСИЕТІ *(Ертегі)*

Бір бай өлер уақытында ұлын шақырып алып: – Ұлым, мен өлген соң жұма сайын қыз алып, қала сайын үй сал. Ас жесең, бал же, – деп, өсиет айтыпты.

Бай дүниеден өтіп, ұлы атасының өсиетін орындай бастайды: жұма сайын қыз алып, қала сайын үй салады. Ас ішсе, бал ішіп, ақшасын бітіреді.

Сөйтіп, жігіт жарлы болады. Бір күні жігіт далаға шығып біраз жүріп, бір үйілген тастың тасасына отырып, бөркін қолына алып басын ұстап отырған уақытта, бір жақтан бір шал келіп жігітке сәлем береді. Жігіт сәлемін алған соң, ол адам жанына отырады да жігітке:

– Неғып отырсың? – дейді.

Жігіт:

– Жәй отырмын, – деп жауап береді.

Шал:

– Шыныңды айт! – деп қыса бастайды.

Жігіт еш нәрсе айтпайды. Шал:

– Сырыңды жасырма! Мен саған жақсылық көрсетемін, – дейді.

Жігіт:

– Менің атам бай адам еді, сол атамның өлер алдында айтқан өсиетін орындаймын деп, кедей болдым, – дейді.

Шал:

– Қандай өсиет айтып еді? – дейді.



Жігіт:

– Әуелгі өсиеті: «Мен өлген соң жұма сайын қыз ал», – деп еді, мен атамның сол өсиетін тұтып, жұма сайын қыз алдым. Екінші өсиеті: «Қала сайын үй сал», – деп еді. Мен қала сайын үй салдым. Үшінші өсиеті: «Ас ішсең, бал же», – деп еді. Мен бұл өсиетін де орындап, әр күні бал жедім. Солай етіп, үш жылда барлық ақшам таусылды, – дейді.

Шал тұрып жігітке:

– Сен атаңның өсиетін ұқпаған екенсің, өйткені атаңның: «Жұма сайын қыз ал» – дегені: «Әйеліңмен сыйлас бол, қадіріңді кетірме. Сонда ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүресің» – дегені. «Қала сайын үй сал» дегені: «Қала сайын достарың болсын, барғанда түсетін» – дегені еді. «Ас ішсең, бал же» – дегені: «Еңбек істеп ас ішсең, балдан тәтті болады» – дегені еді, – деп, қарт өз жөніне кетіпті.

Жігіт әкесінің терең мағыналы өсиетіне сонда ғана түсініпті.



–Қарт ұлына қандай өсиет айтты?

–Атасының «Ас ішсең, бал же» өсиетінің мағынасы қандай?

–Жігіт жарлығы қалай айналды?



ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Мақал-мәтелдерді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.
Басым бар деп топтанба,
Малым бар деп мақтанба.

Ақылды мақтанса, істі тындырар,
Ақылсыз мақтанса, аяғын сындырар.



–Ақылды адам деп қандай адамды айтамыз?



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.


Балғожа Жаңбыршыұлы (туған жылы белгісіз – 1860) – би. Ыбырай Алтынсариннің атасы. Орта жүздің Қыпшақ тайпасының Ұзын руынан шыққан. Ыбырай Алтынсарин өзінің 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» кітабына «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңді енгізген.

Балғожа бидің баласына жазған хаты

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін Құдай Тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп, сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл берсең, басыларсың.
Ата-анаң, өнер білсең, асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең, нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!



–Балғожа би Ыбырай Алтынсаринге кім болып келеді?

–Хатта қандай өсиет жазылған?



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (6 саты)

1. Авторы.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия өлең. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. **Өлеңнің идеясы** –

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Өлең 3 шумақты.

6. Тармақ – өлеңнің әр жолы. Өлең 12 тармақтан құралған.



Жаңылтпаштарды жатқа айтып үйреніңіздер.

Хакім хат ашып отыр.

Хат ашып, шатасып отыр.

Тақпақ жаттап,

Айтсақ жақсы-ақ.

Жатка тақпақ

Жатта тақ-тақ



ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп көріңіздер.

Жағымпаз – жасқаншақ,
Жаман – мақтаншақ.

Мақтаншақ міншіл келеді,
Қызғаншақ күншіл келеді.

Мақтаншақтың қазаны бос қайнайды.



–Жағымпаз қандай қасиет?

–Мақтаншақ пен қызғаншақтың айырмашылығы бар ма?



Өлеңді түсініп оқыңыздар.

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Ашылып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.
Жүгіріп түлкі соған жетіп келді,
Қарға ағаштың басында мұны көрді.
Тістегені аузында тәтті ірімшік,
Оны көріп түлкі екең сөйлей берді.
«Қарға батыр, әр сөзің күміс, алтын.
Сырттан халқаң тілейді барша халқың.
Қарға әніңдей әуез жоқ деп.
Осылайшы шығады сыртқа даңқың.
Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,
Жүзінді бір көруге келіп едім,
Даусыңды бір шығаршы шаттанайын,
Сырттан асық болғаннан өліп едім».
Басын салып, құйрығын бұлғаңдатып,
Екі көзін қарғаға қылмаңдатып.



«Қарға тақсыр, көз жасым көріңіз», – деп,
Жыламсырап сөйлейді жылмаңдатып.
Масаттанып бұл қарға сілкінеді,
Ішін тартып миықтан бір күледі.
«Арып-ашып алыстан келген шығар,
Көңілі тынып кетсінші, шіркін», – деді.
Мақтау сөзге семіріп, судай тасып,
Пәрменінше «қарқ» етті аузын ашып;
Қарқ еткенде, ірімшік жерге түсіп,
Оны кетті түлкі екең алды қашып.



–Қарға қандай көңіл күйде қалды деп ойлайсыздар? Оған қалай көмектесер едіңіздер? Осы бағытта ертегідегі оқиғаны аяқтаңыздар.



Мысалды сатылай кешенді талдау. (7 саты)

1. Авторы.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – ...

3. Жанр түрі – поэзия өлең. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. **Өлеңнің идеясы ...**

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді...

6. Тармақ – өлеңнің әр жолы...

7. Бунақ – белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі...



ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Есті әрі көргенді, жігіт болам мен енді...

Тұлғасы зор,

Еңселі,

Іске мығым, белсенді

Азаматты

Жұрт мақтап,

«Есті жігіт» деседі.

Өтепберген Ақыпбекұлы



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ӘЙ, ЖІГІТТЕР

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,

Азған елдің ішінен.

Алыс-алыс қашыңыздар,

Зияндасты кісіден.

Жақсыны көзбен салмаңыздар,

Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.

Өзі болған ерлердің,

Аяғынан алмаңыздар.

Әр елге, әр жұртқа алтын сақа табылмас.

Бас ауырса бақсыларды

Алып келіп бақтырарсың.

Жазықсыз жануарды сойып,

Өкпеменен қақтырырсың.

Жын-бәлекет қашады деп,

Тұмар алып тақтырарсың.

Білмес надан еткен істен.

Ешбір қайыр табылмас.

Алған жарың жаман болса,

Бір Тәңірге көп налырсың.

Жарым сондай болса екен деп,

Көрінгенге көз саларсың.

Өз елде маңдайыңа нені жазса соны аларсың.

Бәріңізге қасы қара, қызыл жүзді табылмас.

Катының өлсе қарыс ұрып қаларсың.

Аны-мұны қармалап,


Және біреуді аларсың.

Бір кеткен соң қамқор әке-шешен табылмас.





- Ұстаз Ыбырайдың өмірбаянын естеріңізге түсіріңіздер.
- Ақын жігіттерге қандай ақыл айтады?



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (7 саты)

1.Авторы.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – ...

3. Жанр түрі – поэзия өлең. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі...

4. Идеясы. Идея дегеніміз – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. **Өлеңнің идеясы** – ...

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді...

6. Тармақ – өлеңнің әр жолы...

7. Бунақ – белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі...



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

УӘДЕГЕ БЕРІК ЖІГІТ

(Ертегі)

Ертеде ағайынды үш жігіт болыпты. Үшеуі де сіңірі шыққан кедей екен. Тапқандары ішіп-жеміне жетпепті. Бір күні шөп шауып қатты қалжыраған ағайындылар көлеңкеде демалып отырса, қастарына бір топ қараторғай қонады. Бірінен бірі озып, жерден жемдерін шоқып жүрген торғайларға қарап үлкені:

– Шіркін, осындай қаптаған малым болса, өмір бойы кісі ренжітпей өтер едім-ау, – дейді қауғада сақалын сипап.

Сонда ортаншысы тұрып:

– Иә, менің де осындай қора-қора қойым жүрсе, өмірімде адам баласынан аянарым болмас еді, – деп армандайды.

Кенже інісі үндемей отырған соң, ағалары «Ал сен қайтер едің?» – деп сұрайды.

– Менің осынша көп малым болмай-ақ, тұрмысқа тиек боларлықтай азын-аулақ тұяғым болса да жетеді. Басымда баспанам, қасымда парасатты жарым болса, мен де ешкімді ренжітпей өмір сүрер едім, – деп жауап береді.

Олар осылай қиялдап отырып, қастарына келіп тұрған қарияны байқамай қалады. Сақалы тізесіне түскен ақ бас шалдың қайдан пайда болғанын білмей, үшеуі атып-атып тұрады. Сонда қария тұрып:

– Менің есімім – Уәде. Сендердің әңгімелеріңді бағанадан естіп тұрмын. Берген серттерінде тұрсаңдар, сендерге сый жасаймын, – дейді.

– Жасаңыз, қария, - деп жамырасады ағайындылар.

– Сен екеуің «мал» дедіндер ме? Барыңдар, сонау жасыл төбенің астында қора-қора қой жатыр. Бірің қара түстісін, екіншің қ түстісін бөліп алыңдар, – деп күнге шағылысқан таяғын сілтеп қалады.

Екеуі арсалаңдап жүгіріп кетеді. Сонда кішісіне қарап:

– Ал сен ана бір түтін шыққан жерге бар. Үй десең үйді де, жар десең жарды да, азын-аулақ малды да сол жерден табасың, – деп ақсақал көзден ғайып болады.

Осыдан бастап ағайындылардың тұрмысы түзеліп, дәулетті өмір кешіп жатады. Тізіліп күндер, жылыстап жылдар өтеді.

Бір күні Уәде қасына Пейіл мен Бақытты ертіп, сол жігіттерді сынайық деп жолға шығады. Алай-дүлей боранда алдымен ағайындылардың үлкеніне келеді.

– Әй, балам, құдай қонақпыз. Мына боранға ұшып өлгелі тұрмыз. Отыңа аяғымызды жылытып шығайық. Рұқсат ет! – дейді қапиялар дауыстары дірілдеп.

Малына ие бола алмай долданған бай:

– Осындай қым-қуыт қой қырылып жатқанда қонақ емес, құдайым болсаң да... аулақ! – деп ақырады. Сақалдарына мұз қатып, қалтыраған қариялар одан шығып, ортаншысының үйіне келеді. Ол да ашуға басып, қондырмай жібереді.

– Иә, бұлардың сиқын көрдік. Енді не де болса, кішісінің үйіне барайық, – дейді Уәде.



Шабалана үрген иттің дауысымен атып шыққан үй иесі қонақтарды қолтықтап үйге енгізеді. Асты-үстілеріне түсіп, жақсылап күтеді. Жігіттің жары да дұрыс адам екен. Кәрі кісілердің көңілінен шығып, ас-суын аямай, жағдайларын жасайды.

Ертеңгісін қонақтар жолға жиналады. Сонда Уәде тұрып:

– Балам, сый-құрметіңе қандық. «Өлімнен ұят күшті» дегендей, уәдеңе берік, болаттай жігіт екенсің. Аз дәулетке мас болып, дүниеқоңыз боп кеткен ағаларыңа ұқсамадың. Өркенің өссін.

Шалдың ақ батасын алған кенже ұл мен оның әйелі бұрынғыдан да бақытты өмір кешіпті. Содан бері жақсы адамдардың қасына бақыт та, пейіл де қайта оралып, мәңгіге бірге болған екен деседі.

Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар.

Жаман болатын жігіт шегіншек келер,
Кедей болатын жігіт еріншек келер.

Жігіт көркі – өнер.



Жат жазу

БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ

Аппақ, қыста,
Тынбай тыста
Қардан қала саламыз,
Көктемде
Көктеулерде
Жас төлдерді бағамыз.

Сайран салып,
Рақаттанып,
Жазында дем аламыз.
Күзде жайнап,
Күліп-ойнап,
Біз мектепке барамыз!

Әбдібай Табылдиев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (6 саты)

1. **Авторы...**
2. **Тақырып.** *Тақырып дегеніміз – ...*
3. **Жанр түрі – ...**
4. **Идеясы.** *Идея дегеніміз –Өлеңнің идеясы –...*
5. **Шумақ** – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді...
6. **Тармақ** – өлеңнің әр жолы...



Тест

1. Авторы...

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз – ...*

3. Жанр түрі – ...

4. Идеясы. *Идея дегеніміз – Өлеңнің идеясы –...*

5. Шумақ – ...

6. Тармақ – ...



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Мақал-мәтелдерді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

Ана алдында – құрмет,

Анаңа ауыр сөз айтпа!

Ата алдында – қызмет.

Атыңа ауыр жүк артпа!

Ата көрген – оқ жонар,

Ана көрген – тон пішер.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ӘКЕ МЕН БАЛА



Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағанын көріп, баласына айтты:

Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды.

Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі біререм - біререм алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым - ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір

әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, – депті.



«Әке мен бала» әңгімесінің басты кейіпкерлері кімдер?
Әкесі шиені сатып алғаннан кейін бірден баласына неге бермеді?
Әңгімеден мақалды тауып, оқып, мазмұнын түсіндіріңіздер.

Шығарманы сатылай кешенді талдау (2 саты)

1. Авторы. Ы.Алтынсарин-қазақ балалар әдебиетінің атасы.Шығармалары қысқа мазмұнға құралған.Аз сөзге көп мағына сыйғызуы әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлуі Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады. Ы.Алтынсаринның өмірі қысқа болды.Ол небәрі 47 жыл өмір сүрді.Ыбырай атамыз қазақ даласына осыдан 149 жыл (1864) бұрын қоңырау соққан алғашқы ұстаз еді.Оның халқы үшін жасаған еңбегі ел есінде мәңгі сақталады.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Шығарманың тақырыбы – әке мен бала.

Адасқан әріптерден сөз құраңыздар.

ғ,а,т,а

е,т,і,р,і,м,ш

с,ұ,а,т

қ,н,а,ғ,а,т,а.



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Жұмбақтың жауабын табыңыздар.

Бір шұқырда көп шұқыр,
Іштен түртіп көп шұқыр.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ТАЗА БҰЛАҚ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты: – Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол, – деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты: – Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, – деді.



Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

– Жоқ мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, – деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» – деп сұрады.

Жігіт айтты:

– Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, – депті.




Бұлақтың суы қандай?

Бұл әңгімеде басты өнімді ой неде деп ойлайсыздар?

Егер сіздер төртінші жолаушы болсаңыздар, бұлақ басындағы жазуды қалай түсінер едіңіздер?



Жұмбақтың жауабын табыңыздар.



Шығарманы сатылай кешенді талдау (3 саты)

1. Авторы. Ы.Алтынсарин-қазақ балалар әдебиетінің атасы. Шығармалары қысқа мазмұнға құралған. Аз сөзге көп мағына сыйғызуы әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлуі Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады. Ы.Алтынсаринның өмірі қысқа болды. Ол небәрі 47 жыл өмір сүрді. Ыбырай атамыз қазақ даласына осыдан 149 жыл (1864) бұрын қоңырау соққан алғашқы ұстаз еді. Оның халқы үшін жасаған еңбегі ел есінде мәңгі сақталады.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Шығарманың тақырыбы – Адамдар таза бұлақтай қайырымды, мейірімді болу.

3. Әдеби жанр. *Әдеби жанр дегеніміз* – шағын көлемді эпикалық түр – әңгіме. Әңгіме дегеніміз – көлемі шағын, әдемі дүние. Адамдар бір-біріне осы таза бұлақтай қайырымды, мейірімді болса, бір-біріне тек қана жақсылық жасай білсе, еш жамандық болмас еді. Жанрдың ерекшелігі көлемінде емес, мазмұнының тереңдігінде.



Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар.

Басыңа іс түссе,
Жақсы көмек етеді,
Жаман күліп кетеді.

Мейірімділік жүректен,
Мейірімсіздік білектен.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

БАЙҰЛЫ

Байұлы жеті жасар күнінде ел көшіп, көп балалар: біреу тайына, біреу атына мінгенде. бір бала жыламсырап қарап тұрып қалды. Мұны көріп, Байұлы қасына барып:



– Сен неге атыңа мінбейсің? – деді.

Бала қамығып:

– Атым жоқ, көшкенде әжеммен түйеге мінуші едім, – деді.

Сонда Байұлы аттан түсіп жаяу әкесіне барып:

– Мен атқа мінгенде, ертоқымымен маған бір жорға тай атап едіңіз, сол тайымды біреуге берсем сіз ұрыспайсыз ба? – деді.

Әкесі:

– Кімге бересің? – деді.

Бала қысылыңқырап тұрып, жаяу жылап тұрған жарлының баласын көрсетті. Бұған әкесі де түсініп, бетінен сүйіп:

– Тайыңды кімге берсең де ерік өзінде, – деді.

Сонан соң Байұлы қуанып, тайды ерттетіп, манағы балаға әкеп беріп, қасына ертіп алды да, шауып кеп, көп балаға қосылды. Сол уақытта бір ақсақал жақсы кісі қонақ болып жатыр екен, Байұлының әлгі мырзалығын көріп, разы болып, сыртынан бата берді:

– Ей, құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер. – деп.

Сол кісінің батасы қабыл болып, ақырында Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай, руға бас болды. Он екі ата Байұлы деген ру сонан болды деседі.



Байұлы балаға неге көмектесті?

Ақсақал Байұлыға қандай бата берді?



Әңгімені сатылай кешенді талдау. (3 саты)

1. Авторы. Ы.Алтынсарин-қазақ балалар әдебиетінің атасы.Шығармалары қысқа мазмұнға құралған.Аз сөзге көп мағына сыйғызуы әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлуі Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады. Ы.Алтынсаринның өмірі қысқа болды.Ол небәрі 47 жыл өмір сүрді.Ыбырай атамыз қазақ даласына осыдан 149 жыл (1864) бұрын қоңырау соққан алғашқы ұстаз еді.Оның халқы үшін жасаған еңбегі ел есінде мәңгі сақталады.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Шығарманың тақырыбы –

3. Әдеби жанр. *Әдеби жанр дегеніміз*– шағын көлемді эпикалық түр – әңгіме. Әңгіме дегеніміз – көлемі шағын, әдемі дүние.



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Мақал-мәтелдерді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

Айтушы ақылды болса,
Тыңдаушы дана болады.

Жақсылық еккен алғыс орады.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

БАЛАНЫҢ АЙЛАСЫ

Бір ғалым адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп ғалымға ұмтылды, ғалым айтты:

– Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты:

– Бар.

Ғалым айтты:

– Олай болса біреуге жүгінелік, төре саған тисе шағарсың, – деп.

Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты:

– Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеңіз: мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өмірімше қызмет істесем де, адам қай уақытта шамамнан тысқары жүк артады да, жүре алмасам ұрып-соғып ренжітеді.

Жылан мұны есітіп, ғалымның мойнына бір оралды. Мұнан шығып жеміс ағаштарына келіп жүгінді. Бұл ағаш та айтты:

– Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеңіз: менің жемісіммен қанша адам күн көріп пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты орып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді, – деді.

Жылан ғалымның мойнына тағы бір оралды. Одан кетіп бір итке жолығысты.

Ит те айтты:

– Жақсылыққа жамандық бар, мен иеме қанша түн-күн ұйықтамай мүлкін, малын, өзін бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып аурулы болған соң, таяқтап ұрып мені қуып жіберді, – деді.

Жылан және бір оралып, енді шағамын деді.



Ғалым айтты:

– Енді тағы біреуге-ақ жүгінейік, төрелік тағы саған тисе, шаға бер.

Сонан шығып бір топ ойнап жүрген балаларға келді. Ішінде бір бала ғалымға сәлем берді. Ғалым сәлемін алып, сол балаға істерінің мәнісін айтты.

Бала есітіп болып:

– Әй, ата, бекер сөйлейсің осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдиға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді? – деді.

Сонда жылан да айтты:

– Бұл сөз рас, – деп.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмас» деп. Сонда жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты. Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де, ғалымның қолына беріп, «апарып алған орныңызға қойыңыз» – депті.



Ғалым неге тасты көтерді?

Түйе неге жақсылыққа жамандық бар деп жауап берді?

Әңгімедегі баланың айласы қандай?



Әңгімені сатылай кешенді талдау. (4 саты)

1. Авторы. Ы.Алтынсарин-қазақ балалар әдебиетінің атасы.Шығармалары қысқа мазмұнға құралған.Аз сөзге көп мағына сыйғызуы әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлуі Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады. Ы.Алтынсаринның өмірі қысқа болды.Ол небәрі 47 жыл өмір сүрді.Ыбырай атамыз қазақ даласына осыдан 149 жыл (1864) бұрын қоңырау соққан алғашқы ұстаз еді.Оның халқы үшін жасаған еңбегі ел есінде мәңгі сақталады.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Шығарманың тақырыбы –...

3. Әдеби жанр. *Әдеби жанр дегеніміз*– шағын көлемді эпикалық түр – әңгіме. Әңгіме дегеніміз – көлемі шағын, әдемі дүние.

4. Идея. *Идея дегеніміз* –автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. Шығарманың идеясы –..



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Мақал-мәтелді жаттап алыңыздар.

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ДҮНИЕ ҚАЛАЙ ЕТСЕҢ ТАБЫЛАДЫ

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

– 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып



тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған сон, бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады.

Қасымдағы кісі тоқтап,
Антонның бетіне қарап тұрды

да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ; елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар, фабрикамды балама

бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі: баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

– Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді? Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

– Сен Антонбысың? – дедім.

– Рас, – деді Антон, – мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым; ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, – депті.



Қайыршы Антонға бейтаныс кісінің ақылы қалай әсер етті?
Еңбекқор адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?

Шығарманы сатылай кешенді талдау. (4 саты)


1. Авторы. Ы.Алтынсарин-қазақ балалар әдебиетінің атасы.Шығармалары қысқа мазмұнға құралған. Аз сөзге көп мағына сыйғызуы әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлуі Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады. Ы.Алтынсаринның өмірі қысқа болды.Ол небәрі 47 жыл өмір сүрді. Ыбырай атамыз қазақ даласына осыдан 149 жыл (1864) бұрын қоңырау соққан алғашқы ұстаз еді.Оның халқы үшін жасаған еңбегі ел есінде мәңгі сақталады.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Шығарманың тақырыбы – Адамдар таза бұлақтай қайырымды,мейірімді болу.

3. Әдеби жанр. *Әдеби жанр дегеніміз* – шағын көлемді эпикалық түр – әңгіме. Әңгіме дегеніміз – көлемі шағын, әдемі дүние. Адамдар бір-біріне осы таза бұлақтай қайырымды, мейірімді болса,бір-біріне тек қана жақсылық жасай білсе, еш жамандық болмас еді. Жанрдың ерекшелігі көлемінде емес, мазмұнының тереңдігінде.

4. Идея. *Идея дегеніміз* – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. Шығарманың идеясы – Жолаушы таза бұлақтың ағысын ұлы еңбекпен байланыстырады. Еңбек еткендер қашанда мұратына жетеді. Адал еңбекпен күн көруді барлық адам қолдаса, жер бетінде жалқаулыққа орын болмас еді.

Сөзжұмбақты шешіңіздер.



- 1) ... ертеңі бітпейді.
- 2) Аузы ашық адам.
- 3) Арғы атасына қатысты туыстық атау.
- 4) Антон купец болмай тұрып кім болды?
- 5) Кедей жігіт қандай дүкен ашты?



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Нақыл сөзді оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.

Дінмұхамед Қонаев



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

БІЛГЕННІҢ ПАЙДАСЫ

Бір қарт ұста күні-түні тынбай іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір зор бай, Броун дегеннің баласы ойнап жүріп қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады екен. Бір күні ұста мырзаға айтты:

– Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар. Бала нем кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде жақсы соғуға үйреніпті. Мұнан соң бірнеше жылдар өткен соң, жұртында қатты жаугершілік басталып, Броунның мал-жаны таланып бітіп, өзі қатын, баласымен қашып шығыпты. Сонымен, ішерге-жеуге, киюге де кем-тар соғып, бір қалада жүрген уақытта, қаланың әкімі бұйрық шашты:

Әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы таусылды, мық даярласын, – деп. Сонда манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды:

– Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдіретін аламын, – деп. Етікшілер істеген мығын керіп ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне дейін кемдік көрмей өтіпті.



Ыбырай Алтынсариннің қандай өлеңдерін білесіздер? Естеріңізге түсіріңіздер.

Көп білгеннің пайдасы қандай?

Броун қандай бала?



Әңгімені сатылай кешенді талдау.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ЕТІКШІ

Көрдің, әлде көрмедің,

Етікші атам бар менің.

Қартпын деп ол айтпайды,
Қол қусырып жатпайды.
Тук-тук, тук-тук,
Қол қусырып жатпайды.
Құрып алып малдасын,
Жалпақ басты балғасын,
Пышағы мен бізін ап,
Отырғаны қызық-ақ.
Тук-тук, тук-тук,
Отырғаны қызық-ақ.
Қоңыр күзде, көктемде,
Қара жаңбыр төккенде
Кетпесін деп сыз өтіп,
Тігеді ол бізге етік.
Тук-тук, тук-тук,
Тігеді ол бізге етік

Қадыр Мырза Али



ӘҢГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



«Жақсылық» сөзіне ребус құрастырыңыздар.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ЖАМАНДЫҚҚА ЖАҚСЫЛЫҚ

Қызылбас патшасынын, Абдулла деген уәзірі бар еді. Соның заманында жұрт бұзылып, бір күн уәзір патшаға келе жатқанда халық қамап: – «Дегенімізді істе, істемесең өлтіреміз» – деп, ішінде бір батырырағы уәзірді сақалынан алып жұлықты. Уәзір ашу етпеді, бұлардан шыққан соң патшаға барып, жұрттың тілегін беріңіз деп өтініп тілегенін патшадан алып берді және өзінің көрген кемшілігі үшін ешкімге жаза бермеңіз деп оны да тілеп алды. Ертеңіне уәзірге бір саудагер келіп:

– Тақсыр, кеше сізді ренжітіп сақалыңыздан жұлыққан кісіні айтайын деп келдім, ол Нағым деген менің көршім еді, алдырып жаза беріңіз, – деді.

Бұл сөзді есіткен соң уәзір саудагерді қайтарып, Нағымды шақыртып алды. Нағым: «Менін кешегі ісімді біреу айтып танытқан екен» деп, қорыққанынан үрейі кетіп, келе-ақ уәзірдің аяғына жығылды. Уәзір Нағымды жерден көтеріп алып айтты дейді:

– Мен сені жазаландыру үшін шақырмадым, бірақ, көршің саудагер жақсы кісі емес екен, сенің білместігіңді маған келіп айтты, екінші рет ол көршіңнен сақтанып жүргендей екенсін, соны айтайын деп шақырып едім, енді аман бол! – деп ішкергі үйіне кіріп кетіпті.



Жақсылық жасау дегенді қалай түсінесіздер?
Жақсылық пен жамандықтың айырмашылығы неде?
Жамандыққа жақсылық көрсету дұрыс па?



Әңгімені сатылай кешенді талдау.

Жақсылық пен жамандық істердің тізбесін жасаңыздар.

Жақсылық	Жамандық



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Мақал-мәтелді оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Кішіпейіл болғанмен,
Кішірейіп кетпейсің.
Өр көкірек болғанмен,
Ұлылыққа жетпейсің.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

БАҚША АҒАШТАРЫ

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді. — Мынау ағаш неліктен тіптік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады, баласы.



— Оның себебі, балам, анау ағашты қисық бұтақтары болса, кесіп, бағу-қағумен өсірген. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, — деді, атасы.
— Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.
— Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе өсиет алсаң болады. Сен, жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орныңа келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз, бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.



Ағаш түзу болып өсу үшін не істеу керек?
Ағашты сипаттап айтудағы астарлы ой қандай?



Әңгімені сатылай кешенді талдау.

Суретке қарап, әңгіме құрастырыңыздар.





ӘҢГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Нақыл сөзді жаттап алыңыздар.

Сабыр етсең, ісің оңға асады,
Шүкір қылсаң, жамандық та қашады.

Жүсіп Баласағұн



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

АСЫЛ ШӨП

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха ахылап-ухілеп шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:


- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығыда менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің?
- Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым деді Бәтима.
- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін деді Злиха.



- Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты: сабыр деген екен.

Ақын «Асыл шөп» деп нені меңзейді?

«Венн диаграммасы» арқылы Злиха мен Бәтиманы салыстырыңыздар.



Әңгімені сатылай кешенді талдау.
Мақал-мәтелдерді толықтырыңыздар.

Сабыр түбі-

Барына ..., жоғына ...



Әңгімені сатылай кешенді талдау.



Жаңылтпашты жатқа айтыңыздар.

Әдепті әділдікке әдеттенген.

Әдетте, әділдік те әдептіден.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ӘДЕП

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, басұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек басұрып сәлем алды.

Қасындағы бай:

- Тақсыр, осынша жұрттың үстінен караған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша басұрасыз? - деп айтты дейді.

Сонда әкім:

- Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? – депті.



Әдеп деген не? Оны қалай түсінесіздер?

Әдепті мен әдепсіздің айырмашылығы неде?

Әңгімедегі әкімнің басты қасиеті қандай?



Әңгімені сатылай кешенді талдау.

Суретке карап, әңгіме құрастырыңыздар.



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ӘДЕП

Бір ғұлама, тәрбиесі тым бөлек,
Шәкірттердің қарсы алдына бірде кеп.
Түзу сызық сызып қойып тақтаға,
Сынақ болар сұрақ қойды «Бұл не?» – деп.

Біреулері: «Бұл бір деген сан» – деді,
Біреулері: «Бәлкім, жалғыз жан...» – деді.
Біреулері «Таяқша, – деп, тік тұрған,
Улап-шулап айтып жатты әр нені.

Бағанадан болып жатқан құр әлек,
Шәкірттерге тақпай ұстаз кінә көп.
– Білмесеңдер, енді біліп жүріңдер,
Бір дегенім – баға жетпес бұл ӘДЕП!

Қалқаман Сарин



Әңгімені сатылай кешенді талдау.



Жұмбақтардың жауабын табыңыздар.

Тоқыған ауы – шыбынның жауы.

Ине бел, қылқа мойын, қара батыр,
Қара тауды арқалап бара жатыр.

Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты,
Ұшқырлардың жүйрігі.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа балашағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай-Тағала бос жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, – деді.



Атасы балаға не деп айтты?

Әңгіменің тақырыбын тағы қалай атауға болады? Ойланыңыздар.



Әңгімені сатылай кешенді талдау.



Сәйкестендіріңіздер.

<p>Шыбынға тұзақ құрып жүр.</p>		
<p>Балапандарына ұя істеуге шөп алып бара жатыр.</p>		
<p>Бір нанның уалшағын аузына тістеп, үйіне қайтып барады.</p>		



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.



Жомарт деп қандай адамды айтамыз?



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ЖОМАРТ

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрайды дейді:

–Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа-тамақ, жалаңашқа-киім, үйсіздерге-үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиіреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екіншісі: Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін.

Үшіншісі: Күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – депті.



«Көңілге жел кіргізеді» дегенді қалай түсінесіздер?

Атымтай байдың жарлыша жүруінің себебі не?

Әнгімені сатылай кешенді талдау.

Адасқан әріптерден сөз құраңыздар.



р,о,т,а,ж,м

у,л,ә,д,т,е

м,ә,д,е,р,ж

б,а,р,ғ,и,т.



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.

Мақалды оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.



Өзінің қисықтығын білмей,
Өзгенің түзулігін білмейді.

Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ТӘКАППАРШЫЛЫҚ

Вениамин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт ішкергі бір есіктен шығарып салуға алып келіпті. Франклин бұл кісіге сөйлесе келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт дауыстапты:

– Еңкей, еңкей, – деп.

Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тарс ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді:

– Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнанда артық неше соққылардан құтыларсың. Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым айтушы еді:

– Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды; және көзіммен көрдім: басын жоғары көтерген тәкаппарлардың нешеуінің, әлек болғаның – депті.




Тәкаппар деп қандай адамды айтады?

Қарт Франклинге не үшін күлді?



Әңгімені сатылай кешенді талдау.

Суретке қарап, әңгіме құрастырыңыздар.





ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.

ЖАТ ЖАЗУ

Ер балалар әдетте қыз балалармен қосылып ойнай бермеуші еді. Бұған үлкендердің ер балалар қыз балалардың ойындарын бұзбасын деп, қадағалап, ескерту жасап жүрулері де себепші болса керек. Үлкендердің тарапынан алдымен қыз балалардың сөзі сөйленіп отырады ғой. Сондықтан ер балалар үлкендерден жасқанады. Мұның өзі әу баста ұлттың табиғатында, дәстүрінде бар дүние болса керек.

Қыздар болса, көктем шыға бере, жерге сызып ойнайтын бір ойындарды ойнап жатушы еді. Дегенмен баланың аты бала емес пе, ер балалар кейде қыздардың ойнап жатқан жерлеріне жақындап: "Біз де ойнап көрейікші!" – дейді. "Кетіндерші, ей, ойнай алмайсындар!" – дейді қыздар. "Ойнай аламыз, ей!"

Ер балалар қыздар секілді епті ойнай алмаушы еді. Кейбіреулері аюша қорбандап сызықтарды басып кетеді. Сол-ақ екен, қыздар наразылық танытып, шу ете түседі:

– Шығындаршы! Сызықтарды өшірдіңдер ғой!

Ер балалардың мысы құрып, қыздардың мына қылығына ызасы келіп-ақ тұрады.

– Қойындар бұларды! – дейді ер балалар. – Бұлар ешкі құсап секектегеннен басқа не білуші еді?! Одан да өзіміздің ойынымызды ойнайық.



Әңгімені сатылай кешенді талдау. (4 саты)

1. Авторы. Ы.Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Шығармалары қысқа мазмұнға құралған. Аз сөзге көп мағына сыйғызуы әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлуі Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады. Ы.Алтынсаринның өмірі қысқа болды. Ол небәрі 47 жыл өмір сүрді. Ыбырай атамыз қазақ даласына осыдан 149 жыл (1864) бұрын қоңырау соққан алғашқы ұстаз еді. Оның халқы үшін жасаған еңбегі ел есінде мәңгі сақталады.

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Шығарманың тақырыбы –...

3. Әдеби жанр. *Әдеби жанр дегеніміз* – шағын көлемді эпикалық түр – әңгіме. Әңгіме дегеніміз – көлемі шағын, әдемі дүние.

4. Идея. *Идея дегеніміз* – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. Шығарманың идеясы –



ӘНГІМЕНІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.

Тест

1. **Авторы.** Ы.Алтынсарин ...
2. **Тақырып.** *Тақырып дегеніміз –...*
3. **Әдеби жанр.** *Әдеби жанр дегеніміз – ...*
4. **Идея.** *Идея дегеніміз – ...*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
4. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
5. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Ғылым, 2002. –110 б.
6. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
7. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007. –289 б.
8. Орда Г., Әлибекұлы А., 1-бөлім Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Алматы баспасы 2011– 43 б.
9. Орда Г., Әлибекұлы А., 2-бөлім Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Алматы баспасы 2011–5 б.
10. Ыбырай Алтынсарин өлеңдері <https://bilim-all.kz/tag/olen?tag=%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9%20%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BD%20%D3%A9%D0%BB%D0%B5%D2%A3%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96>
11. Ыбырай Алтынсарин әңгімелері. https://wikisource.org/wiki/Category:%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9_%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BD%D0%BD%D1%96%D2%A3_%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%80%D1%96
12. Ыбырай Алтынсарин сандық кітапхана <http://library.kz/kz/elektrondy-kitaphana/gylymi-kitaphana-zhanalyktary/ybyraj-altynsarin-sandy-kitapkhana.html>
13. Ыбырай Алтынсарин ғибраттық әңгімелері. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20824>